

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 308 (2016), 166 – 169

## THE CLASSIFICATION OF KAZAKH AITYS

R. Mustafayeva

Kazakh national Academy of arts named after T. Zhurgenov, Almaty, Kazakhstan

**Keywords:** aitys, poet, classification, genre, development, riddle aitys, melody, variant, ritual, instrument, accompaniment.

**Abstract.** This article presents a few options of scientific classifications of musical-poetic genre - aitys. Based on this classification, we tried to give our own version of the aitys classification, complementing and integrating previous ones. As aitys genre is the music and poetry, the first explorers of the genre were philologists, and then musicologists, so we united philological and musicological classifications and made the general. This classification we can not call the final, with the advancement of science aitys classification, may be subject to change too.

## ҚАЗАҚ АЙТЫСЫНЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

P. Мустафаева

T. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан

**Түйін сөздер:** айтыс, ақын, қайым, классификация, сүре, түре, жанр, даму, жұмбақ айтыс, бөдік, әуен, сарын, нұсқа, салт-дәстүр, аспап, сүйемел.

**Аннотация.** Қазақ айтысын зерттеуде – жанрды классификациялау ерекше орынды алады. Бұл аспект көптеген зерттеушілердің еңбектерінде қызықты көрсетілген. Музыкалық поэтикалық ауызекі өнерді зерттеуге үлесін қосқан ғалымдардың арасында – Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, Е. Исмаилов, А. Марғұлан, М. Қаратаев, Ә. Тажібәев, Е. Тұрсынов және т.б. ғалымдарды атап көрсетуге болады. Көптеген ғалымдардың классификациялары бір-біріне жақын келеді, сол себепті бұл мақалада солардың ең негізгілері ғана қарастырылады.

Айтысты жанр ретінде алып қарастырғандар: М. Әуезов, А. Құнанбаева, С. Елеманова деген ғалымдар. М. Әуезовтың «қазақ эпосы мен фольклорында» классификациясында біз үш критерийді алып қарастырдық: пішіні, жанры мен мазмұны. Бір көңіл аударарлығы, М. Әуезов айтысты жеке дара жанр ретінде алып қарастырған [1]. Бұл ретте ғалым өмір сүрген XX ғасырдың бірінші жартысында фольклор мен халықтық кәсіби дәстүр болып ара жігі ажыратылмаған болатын. Ал А. Құнанбаева, А. Байғаскина сияқты ғалымдар ақындардың шығармашылығын эпикалық жанрға жатқызады.

Мысалы, ақын сарындарын А. Құнанбаева эпикалық жанрдың серігіне жатқызса, А. Байғаскина – Қазақстанның шығыс аймағының эпикалық дәстүріне жатқызады. М. Әуезов бұл классификацияда ән, ертегі, мақал, жұмбақ эпос және айтысқа негізделді. Автор айтысты ән жарыс ретінде алған. Ғалымның анықтамасына жүгінсе, айтысты әннің жеке түрі ретінде алуға болады.

А. Құнанбаеваның еңбектерінде негізінен қазақ халқының эпикалық дәстүрімен байланыстырып алған. Дегенмен де автор музыка мәдениетінің өзгеше жанрларын қарастырады. Мысалы «Жанровая система казахского музыкального эпоса: опыт обоснования» атты мақалада автор эпосты айтыс жанрымен салыстырған. Айта кетерлігі, халықтың жазба әдебиеті бертін келе ғана зерттеу объектісіне айнала бастады. Бұл ретте А. Құнанбаеваның айтыс пен ән екі бөлек жанр деп, аражігін ажырату қажеттігі жайлы баса айтып кетеді [2].

А. Құнанбаеваның ұсынған классификациясында үш бірдей бөлікті көруге болады: халықтық-ән (салттық әндер, лирикалық әндер және эпикалық әндер), ақындық (салттық әндердің ақындық нұсқалары, кәсіби лирика, ақындардың эпикалық сюжеттер мен айтыс жанырында шығарған әндері) және эпикалық (салттық әндердің эпикалық нұсқалары, эпос, толғау, терме, өсиет, нақыл сөз, хат, сөз – эпостың төңірегіндегі жақын жанрлар және эпикалық лирика). Бұл ретте айтыс ақындық дәстүрдің бір бөлігі ретінде алынады.

Автор қазақ фольклорын іштей аймақтық белгілеріне қарай бөліп алып, Шығыс және Орталық Қазақстанда – лирикалық, ақындық шығармашылық, Оңтүстік Қазақстанда және Батыс Қазақстанда – эпикалық дәстүрдің басым болғанына тоқталады.

А. Құнанбаева одан әрі қарай былай дейді: «ақындық дәстүр екі бірдей шарықтау шегіне көтерілді – лирикалық әндерді тудыру және оны дамыту, және айтыс өнерінің өркендеуі» [2, 103-110]. Осыдан он жыл өткен соң қазақтың музыкалық-поэтикалық мәдениет өнерінің үлгілеріне С.Елеманова да классификация жасап көрді [3]. Ғалым қазақтың музыкалық халық шығармашылығында төрт топты бөліп көрсетеді: әдет-ғұрыптық (той ғұрпының әндері; жерлеу ғұрпы, адамдар мен малдарды аурудан емдеу үшін қолданылатын дуа әндер; ораза айт кезінде орындалатын әндер), тұрмыстық (насихат әндер, адамның әртүрлі кезеңдері туралы әндер, тұрмыстық-лирикалық әндер, балаларға арналған әндер, балалар әндері мен ойындар, хат-әндер), ақындық жанрлар (айтыс, кәсіби ән лирикасы, лирикалық әндер мен әдет-ғұрыптық әндердің ақындық нұсқалары, эпикалық сюжеттерге шығарылған ақындық нұсқалар), эпикалық жанрлар (эпос – жыр); ертегі-әндер, аңыздардың музыкалық көрініс табуы; толғау, мақтау, нақыл сөз, хат және т.б.; эпикалық лирика).

Бұл ретте автор айтысты халықтық-кәсіби, дәлірек айтқанда ақындық жанр ретінде алып қарайды. Ол кезде оның фольклорлық үлгілері әдет-ғұрыптық және тұрмыстық жанрлар құрамында алынып қарастырылады. С.Елеманованың бұл классификациясын біз эпикалық жанр және «ақындық айтыстар сюжетіне шығарылған эпикалық жанрлар» бөліміне қостық.

Мысалы, өз еңбегінде Ә.Тәжібаев кейіннен эпикалық шығарманың негізін қалаған үлкен поэмалық-эпикалық айтыстың үлгісін мысалға келтіреді. Жамбыл мен Сүйінбайдың айтысы бір-қатар дастан жазуға негіз болды. («Сұраншы батыр» және т.б.). Көптеген зерттеушілер айтысты жанр ішінде түр-түрге бөлініп кететін жеке жүйе ретінде алып қарастырады. (Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, А.Тәжібаев, М.Қаратаев, Е.Тұрсынов және т.б.).

Айтыс әндерді алғаш жинағандардың бірі Ш.Уәлихановтың классификациясы бойынша, айтыстар:

1. қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігін көрсететін айтыстар (қазіргі замандағы ақындар);

2. дәстүрді, рулық-патриархалдық қатынастарды, салттарды дәріптейтін айтыстар (ескі замандағы ақындар).

М.Әуезов айтысты әлеуметтік нышаны мен мазмұны жағынан екі топқа бөлген. Ол өз кезегінде «Ш.Уәлиханов сол кездегі айтыстардың екі айрықша белгісін атап көрсетті» – деген [1].

Дегенмен біз айтысты төмендегідей түрлерге бөліп қарастырған М.Әуезовтың да классификациясын келтіргенді жөн көрдік.

1) әдет-ғұрыптық айтыстар, оларға көп адам қатысады. Топ-топқа бөлініп адамдар бір-бірімен сөз жарыстырады. Әдет-ғұрыптық айтыстық құрамына жар-жар және бәдік кіреді;

2) рулық, діни, жұмбақ айтыс айтатын ақындар айтысы.

Халық ақындарының анықтамасы бойынша екі шағын түрге бөлініп кетеді: түре айтыс және сүре айтыс. Түре айтыста ақындар қысқа қайырып, бір-екі сөзбен жауап қайтарады. Оған ақынға қоса өзге де адамдар қатысады. Сондықтан айтыс көпшілік сипат алады. Сүре айтыста суырып салма ақындар ғана қатысады да екеуара ұзақ сөз таластырып, көптеген өлең жолдарын құрастырады. Мұнда олардың шешендігі мен шеберлігі қатар көрініс табады.» [1, 362]. А.Бердібайдың байқауынша, түре айтыс құрамы мен мазмұны жағынан қайым айтысқа жақын келеді. Бұл негізінен сүре айтыстың алдында келген. Қазақ музыкалық терминологиясының зерттеушісі С.Жансейітова сүре айтыс атауын араб тілінде бар Құранның сүресі деген сөзбен байланыстырады. Музыкатану ғылымында айтыстақырыбын зерттеу нысанына алғаналғашқы зерттеушілердің бірі А.Темірбекова сүре айтысты былай түсіндіреді: «Сүре-айтыс – суырып салма айтыс өнерінің түрінің шыңы саналады. Онда қоғамдық көзқарастар, ру аралық, жүзаралық қатынастар қозғалады. Сүре айтыста

жеңіп шығу үшін ақынның танымы биік, өмірден көргені мол, ру ғана емес, ел тарихынан хабары мол болғаны абзал. Сонда ғана оның сөзі тұшымды, құлаққа тартымды, халық көңілінен орын алардай салмақты болады» [4, 114].

С.Сейфуллин айтыстың: бәдік, жұмбақ айтыс, әзіл өлең деп бөлсе, ал С.Мұқанов айтысты былай бөледі: 1) әдет-ғұрыптық, 2) қайымдасу, 3) жұмбақ айтыс, 4) діни айтыс 5) ақындар айтысы - деп, бірнеше түрге бөлген [5, 22].

Айтысты зерттеуге өз үлесін қосқан ғалымның бірі Е.Тұрсынов. «Қарапайымнан күрделіге» принципін ұстанатын ғалым классификация жасауда айтыстың барлық дерлік түрін жеке-жеке тізіп береді:

- 1) әдет-ғұрыптық «жар-жар»,
- 2) дуалау, емдікке «бәдік», «бәдік-айтыс»,
- 3) қайым-айтыс,
- 4) қыз бен жігіттің айтысы,
- 5) жұмбақ айтыс,
- 6) тартыс, жырды орындаудағы жарыс,
- 7) би-шешендер айтысы,
- 8) ақындар айтысы [6, 131-132].

Ғалымның пайымдауынша, «қазақтың ауызекі поэзиялық қорында айтыстың алуан түрі сақталған» [6, 131-132].

Әдеби еңбектерде айтыстың драма, поэма немесе роман, яғни ер мен ер, ер мен әйел немесе әйелдер арасындағы айтыс ретінде алып көрсеткендері де бар. Олардың айтысында жарыстық сипатты байқауға болады. Осылайша оны бұқаралық айтыс түріне жатқызуға болады (М.Әуезов, Т.Бекхожина).

Дегенмен А.Сейдімбековтың атап көрсетуінше, қара өлеңнің ақындар айтысынан көп айырмашылығы бар. Ән алмасуда ақындар бір-бірін қалайда жеңіп кетуді мақсат тұтса, қара өлеңде жағдай өзгеше. Соған қарағанда суырып салып айтқан төрт жол өлең қайымдасу немесе қайым-айтыс, қайым-өлеңге жататын көрінеді» [3, 46-47; 4, 112].

Айтыстың түрлі классификациясы арасында М.Қаратаевтікі бөліп қарауға болады. Ғалымның пайымдауынша, ерте заманнан бергі айтыс жанры ауызша және жазбаша дәстүрге ортақ [8]. Мұны этномузикатанушы А.Құнанбаева өзінің «Сюрпризы типологии: из мира древнегреческой и казахской поэтической лирики» атты еңбегінде растап отыр. Зерттеушінің атап көрсетуінше «айтыс бұл – ауызша-жазба дәстүрдің тоғысындағы ерекше құбылыс». Ғалымның атап көрсетуінше, ауызша мен жазбаша халық дәстүрінде екі бөлек өмір сүріп келе жатқан жоқ, олар бір-бірін толықтырып, бірінен екіншісіне тоғысып келеді [2, 8].

Айтыстың одан ары дамуы өзгеруі қоғамдағы болып жатқан түрлі әлеуметтік-тарихи оқиғаларға байланысты болды. Кемшімбай, Нұржан, Бейбіт, Кенжеқожа, Молда Мұса, Майлықожа, Ақан сері, сонымен қатар Сырдарияның ақындары – Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қарасақал Ерімбет, Шораяқтың Омары, Ырысты, Тұрмағамбет, Молда Мұқан және т.б. шығысша білім алған ақындар. Олар – жазба айтыстың дамуына себепші болды. Бұл айтыстар құрылымы жағынан шығыстық «нама» жанрына ұқсас келеді. Онда шығыс ақындарына еліктеу, олардың өмір шындығын суреттеу тілін аңғарамыз [5, 9].

Қазақ айтысы жайлы жазылған, жинақталған арнайы еңбектерді сараптау нәтижесінде біз айтысты классификациялау үдерісі әр кезеңде өзгеріп, зерттеу объектісінің жаңаша зерттелуіне байланысты нақтыланып отырғанын байқаймыз. Сол себепті бұл саладағы мамандардың көзқарастары әдістемелік ұстанымдарға орай өзгеріп отырған. Қолда бар дыбыстық-бейне материал, кітап беттеріндегі материалдар, сонымен қатар М.Әуезов атындағы ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер институтының, Құрманғазы атындағы ҚҰК жазба қорларындағы саралай келе, зерттеу объектісін жүйелі түрде қарастыра отыра біз айтысты келесі критерийлер бойынша алып қарауды ұсынамыз:

1. орындау түрі бойынша: а) вокалдық (жар-жар айтыс, бәдік айтыс, қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы), б) вокалдық-аспаптық (қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы, жыршылар-термешілер сайысы), в) аспаптық (тартыс);

2. қарым-қатынас түрі бойынша: а) ауызша, б) жазбаша, в) ауызша-жазбаша;

3. кәсіби деңгейіне қарай : а) фольклорлық (ғұрыптық және тұрмыстық айтыс, түре айтыс), б) халықтық-кәсіптік (сүре айтыс);

4. айтысқа қатысушылар саны бойынша: а) топтық (екі топ), б) «дуэт» (екі ақын), в) аралас (бір ақын бірнеше ақынға қарсы);

5. жынысы мен қатысушылар сипатына қарай: а) ақындар айтысы (екеуі де ер адам; екеуі де әйел), б) қыз бен жігіт айтысы, в) ақынның жансыз объектімен айтысы, жануарлармен айтыс;

6. мазмұнына қарай: а) белгілі бір тақырып: 1. айтыстар-білгілі бір географиялық нысанды сөзге қатыстыра жарысу (тау, елді мекен, өзен, т.б.), 2. Жұмбақ айтыс, 3. Өтірік өлең, 4. Діни өлең, 5. Белгілі бір айтулы күнге орай ұйымдастырылған айтыс; б) еркін тақырып;

7. авторына қарай: а) өзінің, б) біреуден алған;

8. жанры бойынша: а) айтыс – музыкалық-поэтикалық суырып салушылық б) күй айтыс (тартыс), в) эпикалық жанрлар арасындағы айтыс (мысалы, терме сайысы, жыр сайысы);

9. қатысушылар санына қарай және әуен санына қарай:

9.1. айтысқа қатысушылардың өзі орындайтын болса: а) екі топ – екі әуен, б) екі ақын – екі бөлек әуен, в) екі ақын екі түрлі әуеннен (төрт әуен), г) екі ақын: біреуінде екі әуен, екіншісінде бір әуен, д) екі ақын: әрқайсысында екіден артық әуеннен, е) екі ақын: екеуіне бір әуен ортақ келеді, екіншісі - әрқайсысында түрлі-түрлі;

10. дербестігіне қарай: а) айтыс дербес жанр ретінде, б) айтыс өзге бір жанрдың бөлігі ретінде (мысалы эпос, опера, циклдың);

11. интонациялау түрі бойынша: а) сүйемелдеуі бар музыкалық-поэтикалық (классикалық тип), б) сүйемелдеуі жоқ музыкалық-поэтикалық, в) речитация (музыкасыз) сүйемелдеусіз, г) аралас: музыкалық-поэтикалық сүйемелдеуі бар сүйемелдеусіз речитация.

Жоғарыда келтірілген айтыс жүйелеуін соңғы нұсқа деп айта алмаймыз. Өйткені ғылым бір орнында тұрмайды. Уақыт өте келе ғалымдар қазақтың айтыс өнерін өзгеше қырынан алып, зерттей түсері анық.

## REFERENCES

- [1] Auezov M.O. Aitys. Thoughts over the years. Almaty, 1961. P. 351-394.  
 [2] Kunanbayeva A. Conversation System of Kazakh musical epic: study experience // Music epic. Yoshkar-Ola, 1989. P. 102-110.  
 [3] Elemanova S. Kazakh traditional singing art. Almaty, 2000. P. 46-47.  
 [4] Temirbekova A. Aitys. The history of Kazakh music. Almaty. P. 109-124.  
 [5] Zharmuhammeduly M. Aitys history and development. Almaty: Murattas, 2001. -203 p.  
 [6] Tursunov E.D. The emergence of the fortunetellers, akyns, seri and bard. Astana: IKF Folio, 1999. 198 p.  
 [7] Karatayev M. // A yn's songs. Almaty, 1963. P. 7-17 p.

## КЛАССИФИКАЦИЯ КАЗАХСКИХ АЙТЫСОВ

Р. Мустафасва

Казахская национальная академия наук им. Т. К. Жургенова, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** айтыс, акын, кайым, классификация, суре, түре, жанр, развитие, жумбак айтыс, бадік, мелодия, сарын, вариант, обрядовые, инструмент, сопровождение.

**Аннотация.** В статье приведены несколько вариантов научных классификаций музыкально-поэтического жанра – айтыс. Опираясь на эти классификации мы попытались привести свой вариант классификации айтыса, дополняя и объединяя предыдущие. Так как жанр айтыс является музыкально-поэтическим, первыми исследователями жанра были филологи, и только потом музыковеды, поэтому мы объединили филологическую и музыковедческую классификацию и сделали одну общую. Данную классификацию мы не можем назвать окончательной, с продвижением науки классификация айтыса, тоже возможно подвергнется изменениям.

Поступила 17.03.2016 г.